

ӘОЖ 342.9

Н.Е. Ермаханбет

Қазақстан Республикасы ПМ Алматы Академиясы Фылыми-педагогикалық магистратура магистранты, полисия аға лейтенанты, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: mr.nurik.ru@mail.ru

## Әкімшілік бақылауды және қадағалауды жетілдіру мәселелері

**Анната.** Бұл мақалада автор әкімшілік бақылау мен әкімшілік қадағалау институттараты арқылы мемлекетте және қоғамда әкімшілік құқықтық тәртіпті реттеу мәселелерін талқылап, оларды шешу жолдарын карастырган.

**Түйін сөздер:** бақылау, мемлекеттік басқару, әкімшілік бақылау, әкімшілік қадағалау, мемлекеттік инспекция, атқарушы билік.

Қоғамда құқықтық саясатты әрі қарай жетілдірудің негіз мемлекеттің басқару және бақылау функцияларын жетілдіру десек қателеспеген болар едік. Мемлекеттің басқару және бақылау қызметі әкімшілік бақылау мен әкімшілік қадағалаудан өз бейнесін табуда. Қазіргі кездегі әрекет етуші заңнамаға енгізіліп жатқан өзгертулер мен толықтырулар әкімшілік бақылау мен қадағалауды толық қанды жүзеге асыру мақсатында жүргізіліп келеді.

Мемлекеттік тәртіп – мемлекеттің және оның өкілетті органдарының тәртібі, ол бойынша барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар және азаматтар өздеріне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді дер кезінде, дәл орындауга тиіс. Занынаның пен тәртіпті қолдау және нығайту міндеті жүктелген мемлекеттік органдардың ерекше жүйесі әрекет етеді. Олардың жүзеге асыратын әртүрлі құқықтық және ұйымдық қызметтерінің түрлері мен әдістері, қолданатын практикалық амал-тәсілдері, операциялары, жұмыс түрлері занынаның қамтамасыз ету тәсілдері деп аталады.

Бақылау – объектілердің белгіленген көрсеткіштерден (параметрлардан) ауытқуларын жою мақсатында оның қызмет ету процесін байқау және тексеру жүйесі.

Атқарушы билік сферасындағы бақылаудың мәні осыған өкілетті органның ұйымдық құқықтық тәсілдерді және құралдарды пайдала-

ланы отырып атқарушы билік органның немесе лауазымды тұлғаның қызметінде занынаның қандай да бір ауытқулар бар ма, жоқ па соны айқындейдьы, ал егер де осындай ауытқулар болса, онда оларды өз уақытында жояды, бұл кезде бұзылған құқықтарды қалпына келтіреді, жауапкершілікке тартады, занынаның және тәртіпті бұзудың алдын алуға шаралар қабылдайды.

Әкімшілік қадағалау – мемлекеттік басқаруда занынаның қамтамасыз етуінде арналы тәсілдерінің бірі. Әкімшілік қадағалау – атқарушы биліктің қарамағындағы ұжымдық және жеке субъектілердің құқық нормаларын сактау үшін жүргізетін, үстінен қарайтын бақылау.

Әкімшілік қадағалаудың мән-маңызы – ол басқару сферасында әрекет ететін занынанда және заң күшіндегі актілерде бекітілген арналы ережелер мен талаптардың орындалуын байқау, бақылау. Бұл – жол жүру ережелерін, қауіпсіздік ережелерін, сауда, санитарлық, табигатты қорғау нормаларын орындалуын қадағалау.

Әкімшілік қадағалау атқарушы билік органдарын, кәсіпорын, мекеме, ұйым, қоғамдық бірлестіктер, азаматтарға қатысты жүргізіледі. Оны арналы органдар жүзеге асырады. Көптеген ведомстволарда арналы қадағалау қызметтері бар және олар мемлекеттік инспекциялар деп аталады.

Мемлекеттік инспекция – жеке және занынаның накты ережелерді сактау үшін

қадағалау жүргізетін арнайы мемлекеттік органдар. Сонымен қатар салықты және бюджетке міндепті түрде төлейтін төлемдерді төлеу үшін бақылау жасайды, таулы жерде жұмыс жүргізу мен атомдық өндірістерде қауіпсіздікті бақылайтын, энергетикалық қондырылардың қауіпсіздігі үшін, қалаларда архитектуралық стилдерді сақтау үшін бақылау жүргізетін инспекциялар бар.

Мемлекеттік инспекцияларға функционалды билік және барлық органдардың үстінен қарайтын өкілеттіліктер берілген, соның ішінде бұзушыларға әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану да көзделген.

Арнайы қадағалау ведомстволары ҚР Үкіметіне бағынады, ведомствоның қызметтер сәйкес арнайы құзырылығы бар оргалық органдарға бағынады.

Әкімшілік қадағалаудың ерекшелігі қадағалау субъектісі мен объектісінің арасында бағыныштылық жоқ және нақты жағдайда қадағалау объектісіне қадағалау субъектісі әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдана алады.

Бақылау – бұл белгіленген мөлшердегі параметрлерден ауытқуды жою мақсатында қызмет ету процесін бақылау (байқау) және тексеру жүйесі. Атқарушы билік органдарының қызметіне бақылау жасаудың мәні – ол осыған өкілетті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар ұйымдық-құқықтық тәсілдер мен құралдарды пайдаланып бақылаудағы атқарушы билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінде заңдылықтан қандай да болмасын ауыткулар жіберілді ме соны анықтайды. Егер осындағы ауыткулар болса, соны өз уақытында жойып, осы кезде бұзылған құқықтарды орнына келтіріп, кінәлілерді жауапкершілікке тартады, заңдылықты және тәртіпті бұзуды болдырмауға шаралар қабылдайды. Бақылауды мемлекеттік билік органдары, жалпы, салалық және салараптық құзырылы мемлекеттік басқару органдары, сот органдары қолданады.

Бақылау субъектілеріне байланысты келесідей бөлінеді:

- президенттік бақылау;
- парламенттік бақылау;
- үкіметтік бақылау;
- соттық бақылау.

Жоғарыдағылардың негізінде құқық қорғау органдарымен жүргізілетін әкімшілік бақылау деп заңмен көзделген, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, бірақ мінезді

құлқында қайталама қылмыс істеу мүмкін деп қауіптенетін адамдарға профилактикалық шара ретінде қолданылатын қадағалауды айтамыз. Әкімшілік бақылаудың мақсаты – ол түзеу мекемесі босатылып шыққан сотталғандар жаңадан қылмыс жасамауын ескерту және оларға профилактикалық-тәрбиелік әсер ету. Бұл шараны бақылайтын адамдардың жұмыс орнында, тұрган жерінде адамгершілік абыройы мен намысына тиу немесе беделін түсіру сияқты мақсат жоқ.

Кәмелетке толмаған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, аса қауіпті қайталап жасаған қылмысы үшін ауыр және өте ауыр қылмыстары үшін, бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп сотталған адамдарға, босатылғаннан кейін де ішкі істер органдарының ескерткеніне қарамастан үздіксіз қоғамдық тәртіп немесе өзге азamatтардың құнын, басқа да құқық бұза берсе, онда әкімшілік қадағалау тағайындалады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар жөнінде әкімшілік бақылау қою үшін материалдарды жинауға тек қана жазаңы атқарушы мекемелер мен органдардың құқы бар. Мұнымен бірге, көрсетілген адам қоғамдық тәртіпті, сондай-ақ басқа да құқық бұзғаны үшін бір жылдың ішінде екі реттен кем емес әкімшілік жолымен жазалануы керек және тағы да жыл ішінде осындағы тәртіп бұзса ғана аумактық органдар сотқа әкімшілік бақылау қою туралы өтініш хат жібереді.

Әкімшілік бақылауды тағайындау үшін сотқа ұсыныспен бірге үкімнің көшірмесі мен бұл адамға әкімшілік бақылау қою керектігін дәлелдейтін басқа да материалдар жіберіледі. Соттың мәжілісіне әкімшілік бақылауын қоюға ұсынылған адам шақырылады, ал сотталғандар ісі қаралғанда, сот мәжілісі түзеу мекемесін де жүргізіледі. Сот мәжілісіне міндепті түрде ұсыныс жасаған органдың үекілі қатысады, ал бақыланушы тілек білдірсе, оның қорғаушысы қатысады.

Істі қараганнан кейін сот қаулы шығарады, ол орындау үшін аудандық ішкі істер органдарының бастығына, сондай-ақ түзеу мекемесінің бастығына жіберіледі. Түзеу мекемесі оперативтік бөлімдерінің басқа қызметкерлерімен бірге отырып босатылған адамдар жөнінде мәліметтер жинау шараларын жүргізеді. Ал ол мәліметтерді ішкі істер органдына жібереді.

Сотталғанға бас бостандығынан айыру орнынан босатыларда соттың әкімшілік бақылау қою, оның мерзімі туралы соттың қаулысымен босатылуши өз қолын қою арқылы таныстырылады. Ишкі істер органының рұқсатымен басқа елді мекенге барғанда бір тәуліктен артық мерзімде болатын болса, ішкі істер органына тіркелуі керек.

Әкімшілік бақылаудың тоқтатылу тәртібі: ұзарту жөнінде негіз болмаса белгіленген мерзімі өткеннен кейін; тұрмыста, жұмыста оң мінез көрсетіп түзелу жолына бекем түскенін бақылау керек болмағанда; одан соттылығы алынғанда; бақылаушының соттылуы, өліміне байланысты тоқтатылады.

Ишкі істер органы әкімшілік бақылауды жүргізгенде заңдылықтың сақталуын Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры және оған қатысты прокурорлар бақылайды.

Бұғынгі таңда әкімшілік бақылау мен әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру заңнамалық тұрғыда реттелген, алайда оны тиісінше жүзеге асыру механизміне бағытталған белсенді құқықтық шаралар әлі де маңызды мәселе болып қала бермек.

### Әдебиеттер

- 1 Горшенев В.М. Способы и организационные формы правового регулирования в социалистическом обществе. – М., 1972.
- 2 Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4 т. – М.: Тера, 1995. – Т. 2.
- 3 Студеникина М.С. Государственный контроль в сфере управления. – М., 1974.
- 4 Соловей Ю.П. Правовое регулирование деятельности милиции в РФ. – Омск, 1993.

5 Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003.

6 Баянов Е. Әкімшілік құқық. – Алматы, 2007.

7 Баянов. Е. Мемлекет және құқық негіздері. – Алматы, 2003.

8 Бекіш Сейдешұлы. Әкімшілік құқық пәні бойынша дәрістер. – Алматы, 2004.

9 Кайыржанов Е.И. Правовое развитие Казахстана за десять лет государственной независимости (Материалы Международной научно-практической конференции). Часть 1. – Алматы, 2001.

### References

- 1 Gorshenev VM Methods et organicas formas regulandam in socialist societatis. – M., 1972.
- 2 Dahl B. DECLARATIVUS Dictionary of verbis. 4 volumina. – M.: Terra, 1995. T. II.
- 3 Studenikina MS Status Imperare procuratio. – M., 1974.
- 4 JP Nightingale Legal regulandam vigilum Russia. – Omsk, 1993.
- 5 Ashit ZO, Ashit BZ Kazakhstan Respublikasypuң құқық negizderi: Оқу құraly. Almaty: Zheti Zhargy, 2003.
- 6 E. Әkimshilik құқық accordion. – Almaty. 2007.
- 7 Accordion. E. Memleket zhane құқық negizderi. – Almaty, 2003.
- 8 Bekish Seydeshұлы. Әkimshilik құқық рәпі boyynsha dәrister. – Almaty, 2004.
- 9 Kayyrzhanov EI Legal Aliquam Kazakhstan pro decem annos statu independentiam (International scientific – practica colloquium). Part I. – Almaty 2001.

Н.Е. Ермаканбет

### Проблемы усовершенствования административного контроля и надзора

Настоящая статья посвящена актуальным проблемам административного права. Автором рассмотрены проблемные аспекты теории и практики применения норм административного законодательства при осуществлении административного надзора и контроля.

**Ключевые слова:** Контроль, государственное управление, административный контроль, административное контролирование, государственная инспекция, исполнительная власть.

N.E. Ermaganbet

### Problem improvement administrative control and supervision

The article is dedicated to actual problems of administrative law. Author are considered problem aspects to theories and practical persons of the using the administrative legislation at implementation of administrative supervision and control.

**Keywords:** control, public administration, administrative control, administrative monitoring, state inspection, executive power.